

екінші ауысымда – сағат 13:30 (14:00). Сабақ кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабақ кестесінде оқу-сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабақ кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабақ кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін;

сабақтар арасындағы үзіліс кезінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар мен жалпыға міндетті оқу қорының қаражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады;

мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді. Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбике қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау органдары (емхана) жүзеге асырады. Оқушылар кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес мектеп формасы міндетті. Оны кию тәртібі мен стилі ата-аналар комитетімен немесе қамқоршылық кеңесінің келісімі бойынша мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен бекітіледі;

мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келуі керек. Бас киімдер мен түрлі конфессиялардың діни тиесілілігінің атрибуттарын қоса алғанда, киім элементтерін мектеп формасына қосуға жол берілмейді;

міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығында белгіленген жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс;

мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну принципін сақтауға міндетті. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

инклюзивті білім беру мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды ата-аналарының (занды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта (екі баладан аспайтын) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде